



«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
Қамқоршылық кеңесінің  
2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шара тақырыбы	Уақыты	Жауапты
1	1. Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу 2. Балабақшадағы жұмыстарының барысымен таныстыру.	Қыркүйек	Меңгеруші Қамқоршылық кеңестің төрағасы
2	1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау. 2. Балабақшада жүргізілетін наукастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.	Желтоқсан	Кеңес мүшелері Әдіскер Медбике Дәмбике Шаруашылық орынбасары
3	1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру. 2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау. 3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есебі.	Мамыр	Меңгеруші Кеңес мүшелері Шаруашылық орынбасары

**№9 «Жұлдыз-Ай» балабақшасы қамқоршылық кеңесі отырысының  
№1 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 19.09.2024 жыл

**Күн тәртібі:**

1. Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу Джанадилова И.А.-әдіскер
2. Балабақшадағы жұмыстарының барысымен таныстыру.

Измаганбетова А.С. педагог-психолог

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Джанадилова И.А.- бала құқығының қорғалуы бойынша хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында 2002 жылы Қазақстанда қабылданған «Бала құқығы туралы» Заңның баптарында көрсетілген бала құқығын қорғау бойынша балабақшада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Баланың денсаулық сақтау құқығы бойынша балабақшада аурудың алдын алу, сауықтыру-шынықтыру жұмыстары, денешынықтыру оқу қызметтері мен іс шаралар жүргізілетінін, сондай-ақ осы шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы орта қалыптасқанын айтты. Баланың білім алу құқығы бойынша балабақшада тәрбиелеумен қатар оқыту процесі жүзеге асырылатынын ескертті. Әр жартыжылдық сайын ашық оқу қызметтері ұйымдастырылып, тәрбиешілердің қолданатын технологиясы мен заманауи материалдармен танысуға мүмкіндік болатынын атап өтті. Баланың дем алуға және бос уақытын тиімді пайдалануға құқылы екені Заңның 19-бабында көрсетілгенін айта отырып, балалардың бос уақытында түрлі үйіріме жұмыстары мен іс шаралар, жаз мезгілінде сауықтыру шаралары жүргізілетінін атап көрсетті.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері педагог-психолог кабинетіне барып жұмыстарымен танысты. Педагог-психологтың ұйымдастыруымен құм терапиясы, үстел үстіндегі ойындарды. Балабақша әдіскері жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары жайлы қосымша ақпарат берді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Каренова А.- Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Балабақшада бала құқығының қорғалуы бойынша жағдайлар жасалған және жұмыстар да орындалып жатыр. Әр ата-ана баласын үйден де қадағалап жауапкершілігін күшейтсе деген ұсынысым бар.

Жаналин Ұ.М.-қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

- Балабақшадағы атқарылып жатқан жұмыстарға толық қанықпыз. Алдағы уақытта ұлттық рухани құндылықтарды балалардың бойына кішкентайынан сіңіру үшін арнайы сабақтар, үйірмелер қарастырылса деп ойлаймын.

Шаирова Д.-қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Балабақшадағы дамыту жұмысын көрдік. Жүйелі жүргізілетіні байқалып тұр. Мұндай мамандармен жекеленген жұмыстардың жүргізілуі өте орынды.

- Ұсыныстарды қабылдаймыз. Ұлттық рухани құндылықтарды балаларға үйрету бойынша вариативті компонент есебінен қосымша жұмыс жасауды қарастырамыз. Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Жаналин Ұ.М.- қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың құқығын сақтау бойынша

жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:**

1. Балабақшадағы бала құқығын қорғау жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін.
2. Балабақшадағы тәрбиеленушілермен түзете-дамыту жұмыстары жолға қойылған деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  
Хатшы:



Жаналин Ү.М.  
Сапина А.Ж.

**№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай- балабақшасының қамқоршылық  
кеңесі отырысының  
№2 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 12.12.2024 жыл.

**Күн тәртібі:**

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

Бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике Шауменова Д.Б. бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік меню-калькуляциямен танысты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Шауменова Д.Б. балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетінін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Сондай-ақ жиі ауыратын балаларға дәрігердің тағайындауы бойынша физиотерапия жүргізілетінін де ескертті. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді: Сапина А.Ж. балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын,- деді.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Жаналин Ұ.М. қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:**

1. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін;
2. Балабақшада тәрбиеленушілердің науқастануын алдын алу және сауықтыру шаралары жеткілікті ұйымдастырылған деп есептелсін;

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:**  
**Хатшы:**



Жаналин Ұ.М.  
Сапина А.Ж.

**№9 «Жұлдыз-Ай» балабақшасы қамқоршылық кеңесі отырысының  
№3 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 19.05.2025 жыл.

**Күн тәртібі:**

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.

Бижанова Г.К.-медбике

2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау.

Джанадилова И.А.- әдіскер

3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есебі.

Жаналин Ұ.М.- қамқоршылық кеңесінің төрағасы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Бижанова Г.К. жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Құммен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, жабық бассейндегі сумен ойындар кезінде, шалпылдатқыш бассейнде сумен шынығу жұмыстары жүргізілетінін, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Джанадилова И.А. жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея, ертегі қойылымдары, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жаналин Ұ.М. 2023-2024 жылы оқу жылында балабақшадағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Отырыстар өз уақытысында өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірлер енгізіліп отырғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Сапина Алмагүл Жумабаевна-Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Балабақшада балалардың шынығуына жағдай жасалған. Жыл сайын жазғы сауықтыру жұмысында құммен ойындар жүргізілетінін көріп жүрміз.

Глеугалиева Ақнұр Жанабергенқызы-қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Жазғы мезгілде таңертеңгі қабылдаудан бастап таза ауа жүргізіледі. Таңертеңгі жаттығу балабақша ауласында жүргізілетініне балалар үшін де үлкен қуаныш сыйлайтыны көңілге қонымды. Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Жаналин Ұ.М. қорытындылады. Ол жалпы балабақшада жазғы сауықтыру мезгіліндегі жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:**

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.
2. Балабақшада құрылған қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе, қанағаттанарлық деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  
Хатшы:



Жаналин Ү.М.  
Сапина А.Ж.